

Көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жайылма ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 қаңтардағы № 24 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 ақпанда № 5730 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 22 қарашадағы № 4 қорытындысына сәйкес Жаңақорған ауданы Жайылма ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жайылма ауылдық округі Жайылма ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) №1 жаңа көшеге "Тасарық" атауы;
- 2) №2 жаңа көшеге "Мырзатай" атауы.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жайылма ауылдық
округінің әкімі*

Т. Зейдалиев